



ГАЭТАНО МОСКА

МОСКА ГАЭТАНО - (ИТАЛ. GAETANO MOSCA; 1 СӘУІР 1858, ПАЛЕРМО, ИТАЛИЯ — 8 ҚАРАША 1941, РИМ, ИТАЛИЯ) – ИТАЛИЯЛЫҚ САЯСАТТАНУШЫ, СОЦИОЛОГ, “ЭЛИТА” ТЕОРИЯСЫНЫҢ НЕГІЗІН САЛУШЫЛАРЫНЫҢ БІРІ.

Г.Моска концепциялары

Барлық қоғам екі
тапқа бөлінген:
басқарушы(элита)
және бағынушы

Басқарушы тап
заңды және заңсыз
әдістерді қолдану
арқылы билікті
монополиялайды

Элитаның
үстемдігі барлық
қоғамда бар

Г.Моска концепциялары

Географиялық детерминизм тұрғысындағы әлеуметтік саралану мәселесін Моска Геродоттан, Гиппократтан және Ш.Монтескьеден бастап зерттейді. Оның тұжырымы бойынша өркениет дамыған сайын қоғам өміріндегі географиялық фактордың ықпалы әлсіреп, мәдени фактордың әрекеті күшейеді.

Конт ұсынған социология пәнінің мазмұнын Моска тым ауқымды және анық емес деп есептеп, оны саяси ғылым деп атауды ұйғарды. Оның басты міндеті, саяси билік құрылысын анықтайтын тұрақты үрдістерді зерттеу деп есептейді, өйткені билік жүйесі осы уақыттағы қоғамның қандай екенін және неге ол дәл осы бағытта дамып отырғандығын білдіреді.

Нәсілдік теорияларға көңіл аударып, Моска өзінің заманында әлеуметтік ғылымдарда бұл теориялардың нағыз экспансиясы жүзеге асқандығын көрсетті. Оның пікірі бойынша, қоғамдық прогресс пен халықтардың саяси ұйымы нәсілдік белгілерге тәуелді дейтін ілімдер, өзінің өмірге келуімен Дарвин іліміне және салыстырмалы лингвистика мен антропология сияқты ғылымдарға қарыздар, Моска қандай да бір нәсіл өкілдерінің тумысынан артықшылығы туралы көзқарасты теріске шығарды.

Г.Москаның элита теориясы

Басқарушы элитаның жаңару тәсілдері

Демократиялық
(ашық)

Бұл жеткілікті дайындалған көшбасшылардың тұрақты ағынына алып келеді.

Аристократиялық
(жабық)

Билеуші таптың элитаны өздерінің арасынан қалыптастыруға әрекеті

Әлеуметтік тип

Москва тағы бір негізге аларлық ұғымды - “әлеуметтік тип” ұғымын енгізді. Ол арқылы Москва әлеуметтік топ өкілдерінің біріне тән тұрақты сипаттағы әлеуметтік және психологиялық белгілерінің жиынтығын көрсетеді. Олар тұрғылықты аумақтық бірлік, тарих, тіл, дін, өмір сүру қалпының ортақтығы нәтижесінде қалыптасады.

Әлеуметтік типтің қалыптасуының бастапқы тарихы ретінде Москва тайпалардың бір тотемнен шыққандығына сенуін қарастырады. Оның пікірі бойынша, әрбір осы тектес дербес халық “құмдағы көкорай сияқты”, мәдениеттердің өзара байланыстары кездейсоқ болғанға дейін, яғни қарабайыр тайпалар ортасында өмір сүргенге дейін ежелгі өркениеттерден әлеуметтік типтер біртұтас болды. Осы тектес ертедегі мемлекеттердің барлығында саяси формула толығымен дінмен біріктірілді: құдайлар “ұлттық құдайлар” болып табылды, олардың әрбіреуі “аумақтың” сақшысы мен саяси ұйымның тірегі болды” және “ол халқымен бірге жасады”.

Еңбектері

1896 жылы оның "Саяси ғылым элементтері" атты кітабы жарияланып, ол ағылшын тіліне "Билеуші тап" деген атпен аударылып, жарық көргеннен кейін атағы дүниеге шарлап кетті. Оның және бір еңбегі "Басқару теориясы және парламенттік басқару".

МЕМЛЕКЕТ КОНЦЕПЦИЯСЫ

Құқықтық

Құқықтық тұрғыдан келгенде мемлекет “заңды тұлға құқығы бар.., заңды әрекеттерді жүзеге асыруға.., қоғам мүддесін білдіруге.., қоғам мүлкін басқаруға... жеке және өзге де заңды тұлғалармен мүдде қақтығысына түсе алатын нақты ұйым”.

Саяси

Саяси жағын айтар болсақ, онда мемлекет саяси мәні барлық әлеуметтік өлшем ұйымы екендігін атап өту қажет.., ол - саяси функцияларды атқара алатын бүкіл элементтердің кемесі... яғни, ол олардың үйлестірілуі мен тәртібінің нәтижесі.

ПАРЛАМЕНТАРИЗМ



Москаның бюрократиялық ұйымның күшін жеңетін түбегейлі бағдарламасы жоқ болғанымен, ол өзі мәлімдеген саяси зерттеу ісіндегі бейтараптық пен объективтілік талабына қарамастан, “парламентаризм дертін” емдеуге арналған кейбір нақты тәсілдерді көрсетті.

Ол ең бастысы әкімшілікке және мемлекеттік қызметке жұмыс істеуге “жалақы алатын шенеунік болып есептелмейтін, ешқандай да сый-сияпат көрмеген, министрдің зорлық-зомбылығына тәуелді емес және өз құзыретінің ұзартылуын дауыс беру қорытындысынан, комитет пен сайлау іскерлерінің рақымшылдығынан күтпеуге тиісті” “бюрократияға кірмейтін адамдарды” таптауға үміт артады.

Назарларыңызға рахмет

